

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/HXDG5690>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FXPI7754>

***А. Н. Ахмет¹, Ш. Құрманбайұлы²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада кірме сөздердің көбеюі салдарынан сөз тудыру процесінің жандануы нәтижесінде тілімізде пайда болған, сөзжасамда толықтай әлі де зерттелмеген, бір бөлігі кірме бөлшек немесе сөз, ал екінші бөлігі төл бөлшек немесе сөз болып келетін терминдер қарастырылады. Бұл терминдердің шетел тіл білімінде аталу жолдары көрсетіліп, қазақ тіл біліміне аударылған «қоспа», «будан» нұсқаларынан мақалада «будан» атауы таңдалынады. Будандардың тіл білімінде пайда болу тарихы мен зерттелуі жайлы мәліметтер беріледі. Будан терминдердің терминқордағы үлес-салмағын анықтап, жасалу тәсілдерін, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсетіп, тілдік табиғатына тереңірек үңіліп, жан-жақты қарастыру мәселесі қазіргі қазақ тіл білімінің, терминтанудың зерттеу нысаны бола алмай отыр. Бұл зерттеудегі ең негізгі мәселелердің бірі – будан терминдердің жасалу жолын анықтау. Мақалада қазақ тіліндегі будан терминдердің жасалу жолдары көрсетіледі. Будан терминдерді жасаушы терминбөлшектер мен будан терминдердің құрылымдық бөліктері сипатталады. Сонымен қатар бір бөлігі кірме сөздерден тұратын терминдердің құрамы мен жасалу жолына байланысты синтетикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдер талдау жасалынады. Талдау барысында қосарлану, сөзқосым, тіркестіру, қысқарту тәсілдері арқылы жасалған будан терминдер көрсетіледі. Нәтижесінде будан терминдердің жасалу модельдері анықталды.

Кілтті сөздер: будан терминдер, терминбөлшектер, термин, терминжасам, сөзжасам, күрделі терминдер.

Кіріспе

Ғылым мен техника дамыған сайын тілде динамикалық өзгерістер болатыны анық. Себебі «жаңа ұғым – жаңа термин» заңдылығына сәйкес

келеді. Сондықтан қандай да бір тілде күн сайын терминдік айналым үдерісі жүріп жатады. «Термин – ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі» [1, 57]. Яғни тілге жаңадан кіріп, белгілі бір ұғым атауы болатын сөз сол тілдің заңдылығына сәйкес жасалып, қолданысқа еніп отырады. Термин-сөздер өз құрамы бойынша біртекті емес, бір сөзден тұратын термин түрлері мыналар: 1) түбір терминдер – негізі түбірден, бір сөзден тұратын терминдер; 2) аффиксті терминдер – негізі түбірлер мен аффикстердің жалғануы арқылы жасалған бір сөзден тұратын терминдер; 3) Күрделі терминдер – негізі бірнеше түбір морфемалары бар бір сөзден тұратын терминдер [2, 62]. В. П. Даниленко терминдерді қалыптастырудың тілдік және тілдік емес құралдарын көрсете отырып, тілге мыналарды жатқызады: 1. термин-сөздер: А) туынды емес; б) туынды; в) күрделі; г) аббревиатуралар. 2. термин-тіркестер: а) еркін тіркестер; б) еркін емес тіркестер; в) термин-фразеологизмдер. 3. термин-сөйлемдер. Ал тілдік емес құралдарға белгілер, графикалық символдар мен сандар жатады [3, 8].

Қазіргі қазақ тілінің терминқорында компоненттерінің бірі қазақтың төл сөзі, екінші бөлігі кірме сөз немесе шет тілінен енген терминбөлшек болатын терминдер саны күрт өсіп келеді. Осындай атаулар тіл білімінде «гибрид», «митис», «кентавр», «комполит» деп аталып жүр. Мәселен, Е. Д. Поливанов [4], А. А. Горбовтар [5] – «комполит» десе, Л. П. Крысин – «кентавр» [6, 575], С. Г. Апетян [7, 95], Б. Момынова – «гибрид» [8],

ал К. Вожка [9, 273] – «митисы» деп атайды. «Гибрид» термині туралы алғаш рет XVII ғасырдың ортасында К.Вожканың «*Remarques sur la langue française*» атты еңбегінде қолданылады. Ғалым: «Бұл сөздерде бір өзгешелік бар, өйткені олар жартылай латын тілінде, жартылай француз тілінде; екінші жағынан гибрид атаулар немесе метистер барлық тілдерде кездеседі» деген пікір білдіреді [9, 273]. Бұл атаулар қазақ тіліне «қоспа», «будан» деп аударылып жүр. Біз «будан» терминін қолдануды жөн санаймыз.

Кез келген тілдің лексикалық жүйесіндегі «будандардың» саны көп және үнемі өсіп келеді. Сол себепті бұл мәселе лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, мұндай сөздердің тілдік табиғаты ашылмаса, онда сөзжасам, терминжасам үлгілері мен тәсілдері де толық айқындалып, олардың түр-тұлғасы бір-бірінен айқын ажыратылған деп тұжырымдау да қиынға соғады. Бұл орайда Дж. Ширд «будан мәселесі талқыланбаса, сөзжасамдық процестің сипаттамасы ... толық деп санауға болмайды» деген пікірі өте орынды айтылған [10, 10].

Будан терминдерге А. Құрманбаева былайша анықтама береді: «Будан (гибрид) термин – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер» [11, 3].

Будан терминдер қазақ тілінің барлық салалық терминологиясында кездеседі десек те болады. Себебі кейбір аударуға келмейтін терминдерді қазақтың төл сөзімен қатарластыра беру жаңа термин жасауда ұтымды қолданылады. Терминолог Ш. Құрманбайұлы мұндай терминдерді терминбөлшек ұғымымен байланыстыра отырып, халықаралық терминдерді жасаушы құрамында атайды. Ғалымның айтуы бойынша: «Терминбөлшек дегеніміз – әдетте терминнің құрамында бір орынды иеленіп, мейлінше тұрақтанған жалпы мағынаны білдіретін, туынды терминдердің үнемі қайталанып отыратын және жаңа терминдер жасауға қабілетті бөлшегі» [1, 55]. Демек, Ш. Құрманбайұлы будан терминдерді жаңа термин жасаудың бір тәсілі ретінде түсіндіреді. Бұл тәсілдің де өзіндік жасалу жолдары бар. Зерттеу мақаламызда нақтылы мысалдар арқылы жасалу жолдарына тоқталатын боламыз. Ш. Құрманбайұлы халықаралық терминдер жасауға қатысатын, соның нәтижесінде будан термин жасайтын терминбөлшектің 35 түрін атап көрсетеді. Атап айтар болсақ, будан терминдерді жасауға қатысатын: авиа, авто, агро, анти, архео, аэро, био, гео, гидро, гипер, зоо, контр, макро, микро, моно, мото, нейр, нео, поли, радио, супер, теле, термо, транс, ультра, фоно, фото, экс, электро т.б. [1, 56].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми лингвистикалық және терминологиялық әдебиеттерге теориялық талдау және қорыту; терминологиялық сөздіктер бойынша терминдерге құрылымдық талдау; терминдердің жасалуының синтетикалық тәсілдері; модельдеу.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілінде терминжасаудың өзіндік тәсілдері бар. Тілге енген жаңа сөз, термин тіл заңдылығынан ауытқымайды, керісінше, тілдің барлық нормасына бағынуы қажет. Бұл дегеніміз, жаңа терминнің жасалуында сол тілдің негізгі сөзжасам тәсілдері басшылыққа алынатындығын білдіреді. Қазақ тілінде сөзжасам тәсілдерінің екі түрі ажыратылады: синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл. Синтетикалық тәсіл сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалатын болса, аналитикалық тәсіл күрделі сөздердің жасалуын білдіреді. Терминжасам саласында да аталған екі тәсіл негізге алынады.

Ш. Құрманбайұлы сөзқосым тәсілінің де, қосарлау, тіркестіру, қысқарту тәсілдерінің де терминжасауда қабілетті екендігін атап көрсетеді [1, 50].

Будан терминдердің жасалуында синтетикалық тәсіл де, аналитикалық тәсіл де қолданылады. Алайда аналитикалық тәсілдің жаңа термин жасауда әлеуеті жоғары. Себебі халықаралық терминді жұрнақ арқылы тілге икемдеуден гөрі кірме терминдерді аналитикалық тәсіл арқылы не біріктіріп, не тіркестіріп, не қосаралау жиі кездеседі. Десе де салалық терминдер

сөздігінен синтетикалық тәсіл негізінде де, аналитикалық тәсіл негізінде де жасалған будан терминдерді кезіктіре аламыз.

Будан терминдердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы. Будан терминдердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы бір модель негізінде жүзеге асады. Яғни «кірме сөз+терминжасаушы жұрнақ». Бұл жерде модель біреу болғанымен, терминжасаушы жұрнақтардың түрі сан алуан. Синтетикалық тәсіл турасында Ш. Құрманбайұлы: «Тілімізде сөз тудырушы жұрнақтарының толық лексикалық мағынасы бар сөздерге жалғану арқылы жасалған атау сөздер, ғылым мен техниканың түрлі салаларының терминдері сол ұғымдар жүйесінің өзара ішкі байланысын, жүйелік ерекшеліктерін көрсетіп тұруы үшін туынды терминдердің тұлғасы да белгілі бір үлгімен жасалады», – деген пікір білдіреді [1, 86]. Ш. Құрманбайұлы 194 жұрнақтың тізімін көрсетеді. Бұл тізімдегі жұрнақтардың біршамасы будан терминдерді жасауда өнімді қолданылады. Мәселен, біз «Машинатану», «Медицина» терминдер сөздігіне жүргізген зерттеуіміз бойынша синтетикалық тәсіл арқылы жасалған төмендегідей будан терминдерді анықтадық: *адренокортикалды, гидрадтау, бейстационарлық, инерттілік* т.б. Бұл будан терминдерде -ды, -ді, -ты, -ті, -тау, -теу, -лық, -лік т.б. жұрнақтар қолданылған. Яғни «адренокортикал», «гидрад», «стационар», «инерт» халықаралық терминдеріне қазақ тіліндегі терминжасауда және олардың түрлерін көрсетуде өнімді жұмсалатын жұрнақтар жалғану нәтижесінде будан терминдер туындаған. Сонымен қатар «бейстационарлық» терминінде «бей» кірме префиксінің де термин жасауда қолданылғандығын байқаймыз. Демек, бұл префикс жаңа термин жасауда қолданылатын негізгі морфемаға жатады. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған будан терминдердің мөлшері аналитикалық жолмен пайда болған терминдерге қарағанда аз. Өйткені халықаралық немесе кірме терминдерді тілдегі жұрнақ арқылы туындатудан гөрі кірме термин мен төл сөзді тіркестіре, қосарлап, біріктіре отырып жасау жиі кездеседі.

Будан терминдердің қосарлану арқылы жасалуы. Будан терминдер аналитикалық тәсілдің барлық жолы арқылы (қосарлану, қысқарту, сөзқосым, тіркестіру) туындай алады. Кірме термин мен қазақ тіліндегі төл сөздің қосарлануынан туындайтын терминдерді әр ғылым саласынан аңғаруға болады. Себебі гибриттелген терминдердің қосарлануы тілімізде жиі кездеседі. Мысалы, *жылжымалы-пластикалық орта жылжыту, кернеу-деформация диаграммасы, кулисалы-ыргақты механизм, серпімді-динамикалық дене, серпімді-пластикалық тепе-теңдіктің орнықтылығы, тұтқырлы-пластикалық деформация, вакуум-сорғы, вакуум-тамуыр, дәрігерлік-консультациялық комиссия, емдік-профилактикалық тамақтандыру, амплитудалық-жиіліктік сипаттама, адам-иммундық*

тапшылық т.б. Терминдерден байқағанымыздай, қосарланып тұрған сөздердің бір сыңары кірме терминнен, бір сыңары төл терминнен жасалған. Сонымен қатар қосарлы будан терминдер тек қос сөзден ғана емес, тіркестіре отырып туындаған бірнеше сөзден тұрады. Қосарлы будан термин құрамында сөздердің сан мөлшерінің көп болуы, будан термин құрамындағы термин сөздің қазақ тіліндегі жұрнақ арқылы синтетикалық тәсілге ыңғайласуы қосарлы будан терминдердің қалыпты терминдерден айырмашлығын білдіреді. Бұл турасында Б. Момынова: «Қос сөздер моделі бар гибрид сөздер қазақ тіліндегі қос сөздердің қалыптасқан модельдеріне үнемі ұқсай бермейді. Компоненттерінің саны, реті, мағыналық үйлесімділігі, буын санына қарай орналасуы, дауысты дыбыстармен келетіндері алдыңғы орында тұруы сияқты ерекшеліктер үнемі сақталмайды», – дейді [8]. Демек, қосарлы будан терминдер қазақ тіліндегі төл терминдерге ұқсай бермейді, өйткені мұндай терминдер мағыналық аударыммен қатар калькалау негізінде де жасалып, түпнұсқасының формасына сәйкестендірілуі мүмкін. Сол себепті будан терминдер формасы алуан түрлі.

Будан терминдердің сөзқосым тәсілі арқылы жасалуы. Терминдерді будандастыруда сөзқосым тәсілі де жиі қолданылады. Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған будан терминдерге мыналарды жатқызамыз: *автобекет, гидрооқшаулағыш, автотербелік, автопісіру, аэросерпімділік, аэротермосерпімділік, газәткізгіштік, гидроқұрылғы, гидроқысымтығын, гидротезжегіш, гидробекітпе, инфрақұрлым* т.б.

Байқап отырғанымыздай, біріктіру тәсілі арқылы туындаған терминдер терминбөлшектер арқылы жасалған. Мұндай терминбөлшектерге *авто, гидро, инфра, аэро* т.б. сынды құрылымдарды жатқыза аламыз. Бұл терминбөлшектер салалық терминологияда өнімді қолданылатын морфемаға жатады.

Будан терминдердің тіркестіру тәсілі арқылы жасалуы. Терминжасамда, соның ішінде будан терминдерді жасауда жиі қолданысқа түсетін аналитикалық тәсіл тіркестіру болып саналады. Терминологиялық сөз тіркесі дегеніміз – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі [1, 127]. Салалық терминологияда тіркестіру арқылы жасалған терминдер тобы өзге терминжасаушы тәсілдерге қарағанда көбірек. Сонымен бірге тіркескен термин құрамы жағынан сан түрлі болып келеді. Тіркескен терминдер екі құрамды терминнен бастап сегіз, тоғыз құрамды терминге дейін жетеді. Бұл дегеніміз, сөздердің терминжасауда бір-бірімен тіркесуінің өнімділігін жоғары екендігін білдіреді. Тіркескен будан терминдердің бірнеше құрамды түрлерін бөліп көрсете аламыз. Біз зерттеуге алған «Машинатану», «Медицина», «Әдебиеттану» терминдер сөздігінен екі құрамды, үш құрамды,

төрт құрамды будан терминдерді анықтап, будан терминдердің модельдерін жасадық.

Екі құрамды будан терминдер. Будан терминдердің ішінде екі құрамды тіркескен терминдер мөлшері тіркескен терминдердің басым бөлігін алады. Себебі будан термин жасауда екі сөзді (кірме сөз, төл сөз) тіркестіру өнімді тәсілге жатады. Екі құрамды будан терминдердің бірі кірме сөз, екіншісі төл сөз моделі арқылы жасалады. Төл сөз бен кірме сөзден тұратын терминдердің мынадай моделін атап көрсете аламыз: *кірме сөз+төл сөз, кірме сөз+жұрнақ+төл сөз, төл сөз+кірме сөз, будан біріккен сөз+төл сөз, префикс+кірме сөз+жұрнақ+төл сөз.*

Кірме сөз+төл сөз. Мұндай модель арқылы жасалған будан терминдерде халықаралық атаулар тіркесті терминнің бағыңқы сыңары ретінде жұмсалған, ал төл тілді сөз басыңқы сыңар қызметінде көрінеді. Халықаралық термин де, төл термин де түбір күйінде тіркеске түседі. Мысалы, *аванс төлемдер, диагональ қима, кавитация кедергісі, кардан механизмі* т.б.

Кірме сөз+жұрнақ+төл сөз. Екі құрамды будан терминнің бұл моделінде кірме сөзге қазақ тілінің сөз тудырушы жұрнағы жалғанған және төл тілді терминмен тіркесті байланысқа түседі. Яғни халықаралық термин алдымен синтетикалық тәсілді қабылдап, екінші сөзбен тіркесе отырып аналитикалық жолмен термин құрайды. Мысалы, *абоненттік берешек, абоненттік төлем, абсолюттік негіздер, Автоматты ажыратқыш, авторлық мәтін, агартушылық реализм, аралық муфта, Ваккумдық бекітпе, гомопездік ықпалдар, гигиеналық тәрбие, клиникалық көрініс, клонустық тырыспа* т.б.

Төл сөз+кірме сөз. Будан терминді құраушы кірме сөз тіркесті терминнің басыңқы қызметін атқарып, төл сөз бағыңқы қызметке ауысады. Мұндай терминдерге мынадай мысалдар келтіре аламыз: *әдебиеттану библиографиясы, әлеуметтік антоганаизм, бағдарлы трафик, байланыс операторы, байланысты заряд, байланыстыратын процессор, баламасыз ресурстар, даму стратегиясы, ескерту сигналы, жалғанатын фишка, жалғанатын фланец, жинақы магистраль, талшықты дисплазия, балама коэффициент, күш эталоны* т.б.

Будан біріккен сөз+төл сөз. Мұндай модельде халықаралық терминбөлшекті төл сөзімізбен біріктіру тәсілі арқылы туынды сөз құрай отырып, екінші бір кірме сөзбен тіркесті байланысқа түседі. Мысалы, *Автотербелісті режим* т.б. Яғни мұнда алғашқы будан термин «авто» және «тербеліс» сөздерінің бірігуінен жасалған және будан терминге сөз тудырушы жұрнақ жалғанып, «режим» халықаралық терминімен тіркеседі. Мұндай будан терминдер салалық терминологияда аса жиі кездесе бермейді. Десе де екі құрамды будан термин жасаудың бұл моделі сирек те болса, түрлі ғылым салаларында кездесіп отырады.

Префикс+кірме сөз+жұрнақ+төл сөз. Екі құрамды бұл тіркесте бірінші сыңары, яғни бағыныңқы бөлігі «бей» префиксі арқылы және кірме сөзге сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *Бейвариациялық қағидат, бейголономды байланыс, бейсимметриялы дiрiлдеткiш* т.б.

Үш құрамды бұдан терминдер. Үш сөзден құралатын бұдан терминдердің құрамында не екі төл тілді сөз, не екі кірме термин кездесіп отырады. Яғни кірме сөздер мен төл сөздердің орнын ауыстыру арқылы терминдер туындайды. Мұндай модельдерге *кірме сөз+жұрнақ+төл сөз+төл сөз, төл сөз+төл сөз+кірме сөз, төл сөз+кірме сөз+төл сөз, кірме сөз+төл сөз+кірме сөз, кірме сөз+қосымша+кірме сөз+қосымша+кірме сөз+қосымша* құрылымдарын жатқыза аламыз.

Кірме сөз+жұрнақ+төл сөз+төл сөз. *Автоматтандырылған басқару жүйесі* т.б.

Төл сөз+төл сөз+кірме сөз. *Байланыс арналарының мультиплексоры, дыбыс шығару аппаратурасы, сыртқы ұйықты артериясы, бұрыштық үдеу векторы, бүйірлік қысым коэффициенті* т.б.

Төл сөз+кірме сөз+төл сөз. *Жобалаудың автоматтандырылған жүйесі, сіңірдің синовиалық қынабы, тағам гигиенасының міндеті, басқарудың дисперстік жүйесі*, т.б.

Кірме сөз+төл сөз+кірме сөз. *Таламус асты ядросы* т.б.

Кірме сөз+кірме сөз+төл сөз. *Вектордың ковариант құрауыштары* т.б.

Кірме сөз+қосымша+кірме сөз+қосымша+кірме сөз+қосымша. *Таламустың латериалды ядросы* т.б.

Төрт құрамды бұдан терминдер. Біз қарастырған терминологиялық сөздіктерде төрт құрамды бұдан терминдер аса көп кездесе қоймайды. Десе де бұдан терминдердің төрт сөзден тұратын екі түрлі моделін көрсете аламыз.

Кірме сөз+жұрнақ+төл сөз+кірме сөз+төл сөз. **Деривациялық су электр станциясы** т.б.

Төл сөз+төл сөз+кірме сөз+төл сөз. *Жалпы пайдалымдағы телекоммуникациялар желісі* т.б.

Қысқарту жолымен туындайтын бұдан терминдер кірме сөздер мен төл сөздердің күрделі атауларынан жасалады. Яғни күрделі атаулардың қысқаруы нәтижесінде туындайды. Мұндай бұдан терминдерге қатысты Б.Момынова: «Аббревиатуралармен келетін гибридтер қысқарған сөздердің жаңа тобымен, яғни нанотехнологиялық, техникалық инновациялардың қысқарған атауларымен келеді. Бұрынғысынша мекеме, ұйым атауларының қысқарған түрлерінен бөлек *арт-, спа-* сияқты аббревиатуралар пайда болғанын айту керек», – дейді [8]. Мұндай жолмен жасалған терминге мынадай мысал келтіруге болады: АИВ (ВИЧ) т.б. Мұндағы медициналық термин – «Адам-иммундық тапшылық вирусы» күрделі атауының қысқартылған формасы.

Қорытынды

Сонымен, қазіргі қазақ терминологиясында төл компонентпен кірме компоненттің байланысынан туындаған терминдер көптеп кездеседі. Кірме сөздерден термин жасалу арқылы қазақ терминологиясы құрылымдық және мағыналық жағынан толығымен қатар, грамматикалық құрылысы жағынан да жетіліп, сөз таптары жаңа туындылармен қатарын молайтып отырады. Тұлғасы, мағынасы жағынан ыңғайлас термин типтерінің жаңа қоры жасалып, бұрыннан белгілі типтермен өзара қарым-қатынасқа түсіп отырады. Мұндай терминдер қазақ тілінің терминжасам тәсілдерінің барлық түрі арқылы жасалады, сондықтан будан терминдердің қазақ тіліндегі моделін толыққанды жасап шығару алдағы ғылыми зерттеуімізге арқау болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Құрманбайұлы, Ш.** Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография [Текст]. – Алматы, 2014 – 952 б.

2 **Гринёв-Гриневиц, С. В.** Терминоведение [Текст]. – М. : Академия, 2008. – 304 б.

3 **Даниленко, В. П.** Лексико-семантические и грамматические особенности слов-терминов [Текст] // Исследования по русской терминологии. – М. : Наука, 1971. – 7–67 б.

4 **Поливанов, Е. Д.** Русская грамматика в сопоставлении с узбекским языком [Текст]. – Ташкент, 1933.

5 **Горбов, А. А.** Веб-решения для бизнес-коммуникации: о «новой технологии» создания сложных слов в русском языке [Электронный ресурс]: <http://www.grammar.ru/RUS/?id=1.73>.

6 **Крысин, Л. П.** О некоторых новых типах слов в русском языке: слова- «кентавры» [Текст] // Вестник Нижегородского университета им. Н. И. Лобачевского. – № 4(2). – 2010. – 573–578 б.

7 **Апетян, С. Г.** Терминологическая адаптация англицизмов в русском языке [Текст]. // Научное обозрение. – 2010. – № 4. – 93–97 б.

8 **Момынова, Б.** Тілдегі гибрид (будан) сөздердің жасалуы және жаңа емле ережелеріндегі жазылу үлгілері [Электронный ресурс]: <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindegi-dgazy>

9 **Kortas, J.** Les hybrides lexicaux en français contemporain: délimitation du concept [Электронный ресурс]: <https://www.erudit.org/fr/revues/meta/2009-v54-n3-meta3474/038313ar/>

10 **Sheard, J. A.** The Words We Use [Text] - New York: Andre Deutsch. 1954.- 344 p.

11 **Құрманбаева, А.** Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы: фил.док. диссер. [Текст]. – Алматы. – 2020. – 169 б.

References

1 **Kurmanbajuly`, Sh.** Kazak terminologiyasy` : zertteuler, okuly`k, sozdy`k, bibliografiya [Kazakh terminology: research, textbook, dictionary, bibliography] [Text]. – Almaty, 2014 – P. 952.

2 **Grinyov-Grinevich, S. V.** Terminovedenie [Terminology studies] [Text]. – Moscow : Akademiya, 2008. – P. 304.

3 **Danilenko, V. P.** Leksiko-semanticheskie i grammaticheskie osobennosti slov-terminov [Lexical-semantic and grammar peculiarities of term-words] [Text]. // Studies in Russian terminology. – Moscow : Nauka, 1971. – P. 7–67.

4 **Polivanov, E. D.** Russkaya grammatika v sopostavlenii s uzbekskim yazy`kom [Russian grammar in conjunction with Uzbek language] [Text]. Tashkent, 1933.

5 **Gorbov, A. A.** Veb-resheniya dlya biznes-kommunikatsii : o «novoj tehnologii» sozdaniya slozhny`x slov v russkom yazy`ke [Web solutions for business communication: about the “new technology” of creating complex words in Russian] [Electronic resource]: <http://www.grammar.ru/RUS/?id=1.73>.

6 **Kry`sin, L. P.** O nekotory`x novy`x tipax slov v russkom yazy`ke: slova-«kentavry» [About some new types of words in the Russian language: words-“centaurs”] [Text]. Bulletin of the Nizhny Novgorod University named after N. I. Lobachevsky. – № 4(2). – 2010. – P. 573–578

7 **Apetyan, S. G.** Terminologicheskaya adaptatsiya anglicizmov v russkom yazy`ke [Terminological adaptation of Anglicisms in Russian] [Text] // Scientific Review. - 2010. – No. 4. – P. 93-97.

8 **Momy`nova, B.** Tildegi gibridd (budan) sozderdin zhasaluy` zhane zhana emle erezhelerindegi zhazy`lu ylgileri [Creation of hybrid (hybrid) words in the language and spelling patterns in New spelling rules] [Electronic resource]: <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibridd-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindegi-dgazy>.

9 **Kortas, J.** Les hybrides lexicaux en français contemporain: délimitation du concept [Electronic resource]: <https://www.erudit.org/fr/revues/meta/2009-v54-n3-meta3474/038313ar/>

10 **Sheard, J. A.** The Words We Use [Text] – New York : Andre Deutsch. 1954.- 344 – P.4.

11 **Kurmanbaeva, A.** Sululy`k industriyası` terminzhujesinin kaly`ptasuy` : fil. dok. disser [Formation of the terminology system of the beauty industry] [Text]. – Almaty. – 2020. – P. 169.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*А. Н. Ахмет¹, Ш. Курманбайұлы²

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

СПОСОБЫ СОЗДАНИЯ ТЕРМИНОВ-ГИБРИДОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

В данной статье рассматриваются термины, возникшие в нашем языке в результате активизации процесса словообразования с заимствованными словами, которые до сих пор не изучены в словообразовании, одна часть которых является частицей или словом казахского языка, а другая часть-частицей или словом других языков. В статье приведены примеры обозначение таких слов лексикологий, а также представлены варианты перевода на казахский язык: «қоспа» и «будан». В статье мы рассматриваем вариант «будан». Даются сведения об истории возникновения и изучения гибридов в лингвистике. Проблема детального и углубленного изучения языковой природы, способов создания, смысловых и структурных особенностей терминов-гибридов до сих пор не являлся предметом изучения современного казахского языкознания и терминологии. Одним из основных вопросов при изучении данной проблемы является определение способа создания терминов-гибридов. В статье представлены способы создания терминов-гибридов на казахском языке. Описываются терминочастицы и структурные части терминов-гибридов. Также проведен анализ состава и способа создания терминов, часть которых состоит из заимствованных слов, анализируются термины-гибриды, созданные синтетическим способом. В ходе анализа указываются термины-гибриды, созданные способами дублирования, сложения, сокращения. В результате были определены модели создания терминов-гибридов.

Ключевые слова: термины гибриды, терминочастицы, термин, терминообразование, словообразование, сложные термины

*A. N. Akhmet¹, Sh. Kurmanbayulu²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana

Material received on 12.12.22.

WAYS TO CREATE HYBRID TERMS IN THE KAZAKH LANGUAGE

This article discusses the terms that have arisen in our language as a result of the activation of the process of word formation with borrowed words that have not yet been studied in word formation, one part of which is a particle or word of the Kazakh language, and the other part is a particle or word of other languages. The article provides examples of the designation of such lexicology words, as well as the variants of translation into Kazakh: «kospa» and «budan». In the article we consider the option «budan». Information is given about the history of the emergence and study of hybrids in linguistics. The problem of detailed and in-depth study of the linguistic nature, methods of creation, semantic and structural features of hybrid terms has not yet been the subject of study of modern Kazakh linguistics and terminology. One of the main issues in the study of this problem is the definition of a way to create hybrid terms. The article presents ways to create hybrid terms in the Kazakh language. Term particles and structural parts of hybrid terms are described. The analysis of the composition and method of creating terms, some of which consist of borrowed words, is also carried out, hybrid terms created in a synthetic way are analyzed. In the course of the analysis, hybrid terms created by duplication, addition, and reduction methods are indicated. As a result, models for the creation of hybrid terms were determined.

Keywords: terms hybrids, term particles, term, term formation, word formation, complex terms

Теруге 12.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 20,66. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3999

Сдано в набор 12.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

4,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 20,66. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3999

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz